

«Бекітемін»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
А.К.Ажигүлова

**«Ақтөбе облысы білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы МКҚК
«Рухани жаңғыру» аясында өткізілген іс- шара жоспары
2022- 2023 оқу жылы**

№	Іс- шара атауы	Орындау мерзімі	Жауапты тұлға
1	«Рухани жаңғыру» аясында «Ұлттық бұйым» түсті киіз жасау ересек «Болашақ» тобымен	Қараша	А.Р.Аскарова
2	«Менің туған өлкем» тақырыбында сурет көрмесі	Қаңтар	М.Х.Абдрахманова
3	«Ұмытылған ұлттық ойындар» топ аралық сайыс	Наурыз	М.О.Касымғалиева
4	«Қазақ ертегілері» көрініс қою	Мамыр	К.А.Агадиева

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Ұлттық бұйым»
(Түс киіз)


Орындаған Аскарова

2022 жыл

Тұс киіз, тұс киіз — бөлме қабырғасын сәндеуге арналған қазақ халқының ұлттық жиһазы.

Көбінесе төсектің тұсына ұсталатын болғандықтан «тұс киіз» аталған.

Ол киізге кестелі барқыт, оюлы мата жауып, мейлінше әшекейленіп жасалады. Шеті түрлі түсті жіппен өрнектеліп, кестеленген бір түсті матамен (барқыт, мәуіті, шұға, т.б.) көмкеріледі. Ортасына үйлесімді мата (жібек, макпал, т.б.) салып киізбен астарлайды. Кейде ақ киізге қызыл, сары, көк түсті ою жапсырылады. Ертеректе оның қызыл былғарыны күміспен әшекейлеп жасаған түрі де болған. Тұс киіздің кестесі көбіне біртұтас бірнеше өрнектің (мүйіз, гүл, жапырақ, шырмауық, түйе табан, алқа) үйлескен желісін жасау арқылы түрлі түсті жіппен тігіледі.






«Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:
«Менің туған өлкем»
тақырыбында сурет көрмесі

Өткізген: М.Х.Абдрахманова

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің туған өлкем» тақырыбында сурет көрмесі
Балабақша тәрбиеленушілерінің арасында «Рухани жаңғыру» аясы жоспарына сәйкес «Менің туған өлкем» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Ұмытылған ұлттық ойындар»
(топ аралық сайыс)

Тәрбиешілер: Касымғалиева.М.О
Агадиева .К.А

2022-2023 оқу жылы

«Ұмытылған ұлттық ойындар»

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойына сіңіріп, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.-

Соның бірі ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындармен ойнату.

Ұлттық ойын: «Бес тас»

Ойынның мақсаты: Қазақтың ұлттық ойынның бірі бес таспен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Жылдамдыққа тәрбиелеу.

«Бес тас»

Дәстүрімізге бойлар болсақ, ата-бабамыз қызын үкілеп өсіріп, сонымен қатар тұрмыс-тіршілікке де баули білген. Қолына ине ұстатып, кесте тігу, құрақ құрау сынды қолөнер түрлерін меңгерткен. Осындай сәттерде, сергу үшін «Бес тас» ойынын ойнаған деседі. Тарихына қатысты айтар болсақ, сонау еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырлардан бастау алады деген болжам бар. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде «бестас» ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бес тас» сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады. Ойын барысына қарап, «бес тас» ойыншыны жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететініне күмәнданбайсыз. Бұл ойын жас-кәріні талғамайды. Кішкентай бес жұмыр таспен немесе еліктің асығымен ойнаған. Атау да осыған қатысты қойылған. Ойын «балта шабу», «тоқылдақ», «тарақтау», «құдыққа салу», «қуалау», «кедергі» сияқты көп кезеңнен тұрады. Қатысушылардан кім бастайтынын шешу үшін бес тасты алақанға салып, қолын жоғары серпіп, қолының сыртымен қағып алады. Кім бес тасты түгел жерге түсірмей қағып алса, ойынды сол бастайды.

«Ләңгі тебу»

Халқымыз малын көбейте жүріп, асық атып, ләңгі тепкен. Осылайша, физикалық тұрғыдан ғана емес, ойды да демалдыратын болған. Үнемі ат үстінде жүретін ер азаматтар «ләңгі» ойнап, денесін шынықтырған. Бұл тақымның мықтылығын күшейтіп, адамды жылдамдыққа бейімдейтін ойын. Сойылған ешкінің терісіне құйылған қорғасынды бекітіп, ләңгі жасаған. Ләңгі тебудің де өзіндік шарттары, ұпай жинау тәсілдері бар. Аяғыңды қия бассан, көз жылдамдығынан адасып, ұпайдан қағыласың. Сондықтан қырағы жігіттер бұл ойында белсенді болған.

Ләңгі тебу ойыны бертінге дейін жалғасқанымен, қазір ойнап жүргенді кезіктіру қиын.

Қазақ халқының тарихи көне жырлары мен лиро-эпостарының қай-қайсысында болмасын ұлттық ойындардың түрлерін кездестіреміз. Жырдың негізгі кейіпкері болып отырған ел қорғаушы батыр, жауынгер, мерген, әділетті төренің де бала кезі ойын үстінде көрінеді. Ойын арқылы бойындағы табиғи дарынын шыңдап, қалыптастырады. Бұл ұлттық ойынның бала тәрбиесіндегі таптырмас құрал екенін дәлелдейтін тағы бір дәйек. Тіпті қазақтың көптеген ұлттық ойындары халықаралық деңгейдегі додаларға сұранып-ақ тұр. Бірақ оны шетелдіктерге жеткізе білу жайы тұрмақ, өз ұрпағымызды толыққанды сусындату жағынан да қимылымыз шабан. Сондықтан өзгенің қаңсығын таңсық көрмей, ұлттық ойындардың беделін көтергеніміз абзал болар еді. Себебі халық ойындары – халықтық тәрбиенің басты құралы. Ал өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру бүгінгі ата-ананың басты міндеті.

Бекіту

- Балалар сендерге қазақтың ұлттық ойындары ұнады ма?

Иә

- Жарайсыңдар!!!

Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын ойнадық?

«Бес тас», «Ләңгі тебу» ойынын ойнадық.

- Жарайсыңдар!

- Ойын ойнаған ұнай ма?

- Иә, ұнайды

6. Қоштасу шеңбері.

Біздің топта ұлдар

Тату тәтті ойнаймыз

Баршаңызға, бәріне

Тек қуаныш сыйлаймыз.

Сау болыңыздар!



«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Қазақ ертегілері»
(көрніс қою)

Өткізген: Агадиева К.А.

2022-2023 жылы

«Жеті лақ ертегісі»

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жатттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Ертегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.

Ертеде бір Ешкі жеті лағымен орманда тіршілік етіпті. Бірде Ешкі орманға жиналыпты. -Есікті ешкімге ашпандар! Мен қайтып оралғанда есікті қағып: «Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашындар! Аналарың сендерге сүт әкелді!» - деп ән саламын», - дейді.

Осы кезде Ешкі үйінің маңында Қасқыр жемтік іздеп жортып жүрген. Ол лақтарды алдамақ болды. Қасқыр Ешкінің кеткенін күтіп, лақтардың ешкімнің қарауынсыз қалған сәтін аңдыды.

Қасқыр үйге жақындап келіп, өзінің қарлыққан, қырылдаған дауысымен:

-Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашындар! Аналарың сендерге сүт әкелді!» - деді.

Лақтар:

-Естідік! Тыңдадық! Бәрі- анамыздың дауысы емес.

Біздің анамыз жіңішке, нәзік дауысымен әндетеді. Кет, Қасқыр, біз саған есікті ашпаймыз, - деп жауап қатты.

Қасқыр кондитерге жүгіріп барып айтты:

Сен маған балдан дайындалған тәтті тағамыңды бер, әйтпесе мен сені жеймін.

Кондитер қасқырдан қорқып өзінің өте тәтті балдан жасалған бәлішін берді.

Қасқыр бәлішті жұтып жіберіп, Ешкінің үйіне жақындап келіп, есігін қақты. Сонан соң жіңішке балдай нәзік дауысымен: -Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашындар!

Аналарың сендерге сүт әкелді!» - деп әндетеді.

Лақтар есікті ашты. Жауыз Қасқырға керегі сол еді. Ол үйге баса көктей, кимелей кірді де, лақтарды бірінен соң бірін қылғытып алды.

Тек бір лақ қана тығылып үлгерген еді. Сұрқия Қасқыр жетінші лақты ұзақ іздеді, бірақ таба алмады. Ешкінің келетін уақыты болып қалған болатын. Сондықтан ол зыта жөнелді.

Ешкі үйіне келсе, есік айқара ашық жатыр. Үй ішінде ешкім көрінбейді. Пеш ішінен бір лағын тауып алды. Ешкі басына түскен қайғыдан көз жасын көл қылып, зарлы үнімен жылады: - Лақтарым, шұнақтарым, көлге біткен құрақтарым! Есікті ашып, Қасқырға жем болдындар!

Ешкі Қасқырға келіп: «Сен бе менің лақтарымды жеп қойған?» - деп сұрады. Қасқыр оған: «Сенің лақтарыңды жеген жоқпын,» - деп жауап қатты. «Жемегеніңді дәлелде. Кел, екеуіміз мына ордан секірейік. Егер сен менің лақтарымды жемесең, онда оңай секіріп кетесің!» - деді Ешкі. Қампиған қарнымен ордан секіру Қасқырға қиын түсетіні белгілі ғой. Амал қанша?!

Секірді, бірақ өзін-өзі ұстай алмай, тура ыстық шоқтары бар орға құлады. Қарны жарылып, одан құлан таза лақтар орғып-орғып шықты. Олар аналарымен шұрқырасып табысты. Сөйтіп, Ешкі лақтарымен бұрынғыдай ауызбірліктері күшті, ынтымақта өмір сүріпті.

